

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№3 (2024)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/NCYE9704>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/JBOR4752>***Г. О. Сакиева¹, Л. Ә. Ибраймова², Б. Молдағали³**^{1,2}Қазақ ұлттық қыздар

педагогикалық университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.;

³Абай атындағы Қазақ ұлттық

педагогикалық университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

*e-mail: gulzirasakieva49@gmail.com¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1680-6140>²ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8385-492X>³ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1916-2371>

ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕТУДЕ МӘДЕНИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ДАМУЫҒА МУЛЬТИМЕДИАЛЫҚ КОРПУСТЫҢ ӘСЕРІ

Ұсынылып отырған мақалада қазақ тілін үйретуде мультимедиалық корпусы қолдану арқылы мәдени құзыреттілікті дамытудың өзекті мәселелері қарастырылған. Жаһандану жағдайында білім алушылардың тек лингвистикалық емес, сонымен қатар мәдени дағдылары мен құзыреттілігін қалыптастыру заман талабы болып отыр. Сол себепті мақалада мультимедиалық корпусың, нақтырақ айтқанда, балаларға арналған кинофильмдер корпусының осы үдерістегі рөлі зерттеледі.

«Мәдени құзыреттілік» тұлғаның әртүрлі мәдениет өкілдерімен тиімді байланыс орната алатын қабілеті ретінде саналады. «Мәдени тәжірибені» фильмге негізделген мультимедиалық корпус арқылы жетілдірсе, «мәдени құзыреттіліктің» қалыптасуына ықпал ететіндігі айқындалды.

Мақалада мультимедиалық құралдардың білім берудегі тиімділігін, әсіресе оқушылардың оқу үлгеріміне және материалды түсінуіне оң әсер ететінін көрсеткен еңбектермен дәйектелген. Фильмдер мультимедиалық ортаға бейімделген білім алушыларды тәрбиелеудің тиімді педагогикалық құралы ретінде көрсетіледі. Аутентикалық материалдарды, оның ішінде фильмдерді пайдалану дәстүрлі сабақтарды түрлендіріп, мәдени құзыреттілікті дамытады деген тұжырым жасалды.

Мақала авторлары зерттеу барысында қазақ тілінде түсірілген «Менің атым Қожа» (1963) балалар фильмінің мысалын пайдалана отырып, мультимедиалық корпустың қолданылуына талдау жасайды. Талдауда білім алушылардың мәдени құзыреттілігін арттыруға арналған негізгі құндылықтарды және ұлттық реалияларды анықтайды.

Кілтті сөздер: мәдени құзыреттілік, мультимедиа, мультимедиалық корпус, мәдени тәжірибе, фильм.

Кіріспе

Мультимедиалық корпусты қолдану арқылы тұтынушылардың (тіл үйренуші, лингвистика саласында зерттеу жүргізуші, мұғалім т.б.) мәдени құзыреттілігін дамыту – тіл білімі саласындағы өзекті және қызығушылық артып келе жатқан мәселе. Әртүрлі мәдени ортадағы адамдармен байланыс күшейген сайын мәдениеттерді түсіну және бағалау қабілетін тудыру маңызды бола түсуде. Қазақ тілін жаһандану үдерісінің тиімсіз әсерінен сақтап қалу үшін мәдени құзыреттілікті арттыру дұрыс шешім болмақ. Бұл мақала қазақ тілін үйренушілердің мәдени құзыреттілігін дамытудың маңыздылығына және осы үдерістегі мультимедиалық корпустың әлеуетті рөліне шолу жасауға бағытталған.

Мәдени құзыреттілік – әртүрлі мәдени ортадағы адамдардың өзара тиімді әрекеттесу және қарым-қатынас жасау, сондай-ақ түрлі мәдени нормаларды, құндылықтар мен дәстүрлерді түсіну және құрметтеу қабілетін білдіреді. Бұл – адамдарға көпмәдениетті орталарды тануға және басқалармен мағыналы әрі құрметке толы қарым-қатынас жасауға мүмкіндік беретін маңызды дағды.

Біздің болжамымыз бойынша, мәдени тәжірибелердің әсері мәдени құзыреттіліктің дамуына айтарлықтай ықпал етуі мүмкін. Сонымен қатар мультимәдени білімді беруді фильмдерге негізделген мультимедиалық корпустар арқылы жүзеге асыру көпмәдениетті құндылықтарды қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Мультимедиалық құралдардың білім берудегі тиімділігі кеңінен зерттелуде. М. Д. Абдулрахаман және т.б. зерттеушілер оқыту мен оқу үдерістеріндегі мультимедиалық құралдарға жүйелі шолу жүргізіп, олардың сапалы білімге шектеусіз қолжетімділікті қамтамасыз етудегі және оқушылардың үлгерімін арттырудағы рөлін атап көрсетті. Авторлар «мультимедиалық құралдар тіл үйренушілерге түрлі форматта қызықтыра отырып білім беру мазмұнын ұсыну арқылы олардың мәдени құзыреттілігін дамытуда тиімді болуы мүмкін» деген тұжырымға қосылады [1, 6].

Сонымен қатар Р. Унтари және басқалар өз зерттеуінде білім алушылардың құзыреттіліктерін қалыптастыруда интерактивті мультимедиялық материалдар сияқты озық оқу ресурстарын оқыту үрдісіне біріктірудің маңыздылығын көрсетеді [2]. Бұны фильмдерге негізделген мультимедиялық корпусты пайдалану барысында іске асырып, балалардың оқуына және мәдени түсінігіне оң әсер ететінін дәлелдейді.

М. Улья мен М. А. Резаян өз еңбегінде мультимәдениеттілікті (мультикультурализм) жақсырақ түсінуді жеңілдету үшін әртүрлі бұқаралық ақпарат құралдарына көпмәдениетті құндылықтарды енгізуді ұсынады. Бұл білім алушылардың мәдени құзыреттілігін дамыту үшін әртүрлі елдердің фильмдерін пайдалану тәжірибеде тиімді тәсіл екендігін көрсетеді [3].

Көп зерттеушілер мультимедиялық корпусты тілді үйретуде қолданудың маңыздылығына баса назар аударады. Әсіресе тілді үйретуде аутентикалық материалдарды қолдануды құптайды. Бұндағы аутентикалық материал дегеніміз – тілін үйреніп отырған елдің мәдениетімен, құндылықтарымен, менталитетімен тығыз байланысты ұғым.

Осы орайда мультимедияны заманауи білім беруге енгізудің қазіргі жағдайын зерттеген И. Никифорова атауға болады. Ол дәстүрлі сабақтарды түрлендіруде мультимедиялық ресурстарды пайдаланудың тиімділігіне тоқталып, тілді үйренуші студенттердің дискурсты және лингвистикалық, сондай-ақ мәдени құзыреттіліктерін дамытатынын ерекше атап өткен [4, 156]. Демек, мультимедиялық ресурстар кез келген шет тілін үйретуде сұранысқа ие деуге әбден болады.

Фильмдер мен интернет сияқты мультимедиялық мазмұнды пайдалану – мультимедиялық ортаға бейімделген қазіргі буын оқушыларына арналған ең тиімді педагогикалық құрал. Мультимедиялық мазмұн қолайлы білім беру ресурстары ретінде қызмет етеді, өйткені олар практикалық және ашық ақпарат арқылы оқушылардың тиісті елдің мәдениеті мен өмір салтын түсінуін жеңілдетеді. Сонымен қатар олар көрнекі ақпарат құралдарын қолдануды жөн көретін білім алушылар үшін құнды оқу құралдары ретінде қызмет етеді, осылайша олардың тілге қызығушылығы мен тілді түсінуін арттырады. Білім алушылар берілген тапсырма бойынша корпус ішіндегі берілген ақпараттарды өз бетімен іріктеу мүмкіндігіне ие болады. Олар материалды тереңірек түсініп қана қоймай, жанама түрде мәдени білімді де алады. Демек, оқу процесінде мультимедиялық мазмұнды пайдалану оқушылардың оқу үлгеріміне үлкен әсер етеді. Сол себепті мультимедиялық мазмұнды қолдану мен дамыту өзге ұлттың тілі мен мәдениетін меңгеру үшін тиімді оқыту тәсілі ретінде ұсынылады [5, 59].

Материалдар мен әдістері

Кинофильмдерден алынған материалдарды мультимедиалық корпуста жинақтап, білім алушылардың мәдени құзыреттілігін қалыптастыруда пайдалануға болатынын анықтау үшін зерттеу материалы ретінде қазақ тілінде түсірілген «Менің атым Қожа» атты балаларға арналған отандық фильм алынды. «Менің атым Қожа» 1963 жылы «Қазақфильм» студиясында түсірілген. Фильмнің режиссері – Абдолла Қарсақбаев. Сценарийі Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» повесінің желісімен жазылған.

Мақаланы жазу барысында мультимедиалық корпустардың мәдени құзыреттілікті қалыптастыру мен дамытудағы тиімділігіне қатысты теориялық материалды жинау, талдау, жүйелеу, қорытындылау әдіс-тәсілдері қолданылды.

Нәтижелер және талқылау

Шетел тілі мен мәдениетін меңгеруде мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптастыру – оқу-тәрбие процесінің маңызды аспектісі. Ол әртүрлі мәдениеттер мен ұлт өкілдерінің қарым-қатынас процесінде өзара әрекеттесуі арқылы жүзеге асады. Эмпатия (өзге адамдардың жан дүниесін түсіну мен жай-күйін ұғыну), толеранттылық және тілін үйренетін елдің тілдік ерекшеліктері мен мәдениетін білу мәдениетаралық құзыреттіліктің негізгі құрамдас бөліктері болып табылады. Мәдениетаралық коммуникациядағы қарым-қатынасқа түсушілердің тілдік санасының этноцентризмі шетел мәдениетін, оның нормалары мен дәстүрлерін қабылдау кезінде олардың пікірлері мен көзқарастарын білдіруінен көрінеді [6, 118].

В. Апальков пен П. Сысоевтің пікірінше, мәдениетаралық құзыреттіліктің аспектілері мынандай:

- басқа адамға құрметпен қарау, іс-әрекетіне оң баға беру;
- басқа жеке тұлғаның мінез-құлқына бейтарап, жағымды көзқарас білдіру;
- әңгімелесушінің көзқарасын қабылдау және оқиғаларды оның позициясынан қарастыру мүмкіндігі;
- күтпеген жағдайларға шыдамдылықпен қарау, бұрын белгісіз және таныс емес жағдайларды қобалжусыз және білу [7, 89].

Фильмдер адамға оның перцептивті және визуалды қабылдауы арқылы әсер ететіндіктен, олар альтернативті немесе қосымша дереккөз ретінде құнды болмақ. Қазіргі уақытта әлеммен байланыстың басым бөлігі осындай жолмен жүзеге асатындықтан, фильмдерді түсінуге және олардың қамтитын мәдени контексті айқындауға арналған зерттеулер визуалды әсерлердің қандай мән-мағына беретінін ұғынуға көмектеседі [8, 266].

Е. М. Венегас және т.б. бір топ зерттеушілер мәдени құзыреттілікті қалыптастыру үшін фильмдерді пайдаланып, тәжірибе жасап, фильмдердегі

студенттердің колледждегі өмірін зерттесе [9], отандық ғалымдарымыз З. Н. Жұматаева және С. Н. Жұматаева фильмдерді шет тілін оқытуда қалай тиімді пайдалану жайында зерттеді. Бұл екі автордың айтуынша, фильмдердің тілді үйретудегі ерекшелігі – олардың шынайы өмірдегі жағдаяттармен байланыстылығы, ақпарат беру қабілеттілігінде және түрлі тілдік құралдарды қамтуында. Танымал фильмдердің мазмұны өте бай және білім алушыларға кейіпкерлердің іс-әрекеті, көріністері, мәнмәтіндері, кейіпкерлер арасындағы әңгіме және дыбыстық эффектілері арқылы әсер ете алады [10, 131].

Олай болса кинофильмдердің тілін зерттеу әлеммен өзара байланыс жасауда тек жеке тілдік құбылыстарды ғана емес, оның мәдени құзыреттілікті қалыптастырудағы маңыздылығы да айқын көрінеді. Сондықтан сыныптарда корпус негізіндегі әдістерді енгізу көптеген артықшылықтар береді. Олар мыналар: 1) білім алушылардың үйреніп жатқан екінші тіліндегідей, шынайы сөйлесу мүмкіндігі; 2) конкорданстық (Конкорданс – мәтінді зерттеудің бір түрі. Авт.) талдау тәжірибесі арқылы оқушының өз бетінше, мұғалімге тәуелсіз жұмыс жасай алуын дамытады; 3) оқушылардың аутентикалық материалдармен жұмыс жасай алуы, олардың табиғи colloquial (сөйлеуде қолданылатын грамматикалық және лексикалық дұрыс тіркестер) қолданысы туралы хабардар болуы [11, 154].

«Менің атым Қожа» фильмін көру барысында мәдени құзыреттілікті қалыптастыру үшін маңызы бар көріністердің фрагменттері, құндылықтар және ұлттық реалиялар іріктелді.

Фильмнің халықтың күнделікті тұрмысының көрінісі ретінде маңызды болып табылатын фрагменттері:

(09.00 мин.) Қожаның анасы Миллат (актриса Б. Римова) Қаратай (актер М. Құланбаев) екеуі бөлмеде шай ішіп отыр. Дастарқанда кесе, ағаштан жасалған қасық тұр. Қожаның анасы басына орамал салып, камзол киіп отыр. Қазақ тілін үйренуші басқа ұлт өкілдері үшін халықтың тұрмыста қолданатын кейбір заттардың, ұлттық киім атауын тек сөз ретінде қабылдау және есте сақтау қиын болуы мүмкін. Осы жағдайда мультимедиялық корпустан фрагментті тауып, көрсету сөзді визуализация арқылы есте сақтауға көмегін тигізеді.

(09.49 мин.) Ауыл балалары жаздың ыстық күнінде көлге шомылуда. Бұл еліміздегі ауыл балаларының демалыс кезіндегі уақытын қалай өткізетінінің, олардың өмір салтының бір көрінісі.

(12.15 мин.) Сұлтан (актер М. Көкенов) мен Қожаның (актер Нұрлан Сегізбаев) атпен кетіп бара жатқан көрінісі. (39.30 мин.) Қожаның анасының атқа мініп келуі. Жылқы – қазақ халқы үшін ерекше орны мен маңызы бар жануар. Жылқыны ауылды жерлерде көлік ретінде пайдалану әлі күнге дейін бар екенін түсіндіру мақсатында осы көріністі қолдануға болады.

(13.20 мин.) Сұлтан мен Қожаның балық аулау сәті – бос уақытты өткізудің тағы бір түрі. Сонымен қатар «балық аулау» сөз тіркесін түсіндіруде қолданған пайдалы болмақ.

(18.12–20.10 мин.) Сыныптағы оқушылардың көрінісі. Сыныпқа мұғалім кіргенде, балалардың орындарынан тұруы мектептегі қалыптасқан сәлемдесу тәртібі екенін аңғартады.

(20.23 мин.) Мектепте қоңырау соғатын атаның келуі. Бұл көріністе атаның үстіне киген киіміне көңіл бөлуге болады. Халқымызда ер адамдардың басына киетін тақиясы, сырт киімге жататын жеңсіз бешпент – басқа тілге аударуға келмейтін реалия сөздер. Сол себепті корпустағы фрагмент арқылы көрсетуге болады.

(31.33 мин.) Қожа мен әжесі (актриса Зағи Құрманбаева) таңертең ас үйде. Әженің киім элементтерінде кимешек, камзол кездеседі. Қолындағы күміс білезіктер мен сақиналар ұлттық әшекей бұйымдарының көрінісі ретінде маңызды. Қожаға айран ұсынған сырлы ағаш тостаған да ұлттық бұйымның бір көрінісі.

(40.08 мин.) Қожаның әжесінің самаурынмен шай қоюы. Қазақ халқы үшін шай ішудің орны бөлек екені белгілі. Әсіресе самаурынға шай қою, самауырның шайын ішу – мәдениетіміздің бір бөлігі десе де артық емес. Сол себепті «самаурын» және «самауырның шайы» деген түсініктің корпуста енуі және визуализациялануы аса маңызды.

(41.42 мин.) Бөлмеде Қожа мен анасының арасындағы әңгіменің көрінісі. Бөлмеде жүк жиналған сандық тұр. «Жүк жинау», «сандық» сияқты түсініктердің мәдени құзыреттілікті қалыптастыруда септігі тиетіні сөзсіз.

(01 сағ. 37 мин) Сұлтан мен Қожаның жайлауға баруы. Жайлаудың, киіз үйдің көрінісі. Киіз үй, жайлау – қазақ халқының, жалпы көшпелі халықтардың мәдениетінің маңызды бөлігі. Сол себепті фильмдегі киіз үй мен көк жайлаудың көрінісінің фрагментін корпуста енгізу және сол арқылы мәдени құзыреттілікті қалыптастыру үшін оңтайлы.

(01 38 мин.) Шарбақта отырған үйретілген бүркіттің көрінісі. Саятшылық – қазақ халқының ғажайып өнерінің бірі. Құс салу арқылы аңшылық құру да тіршілік үшін ғана емес, көңіл көтеру, бойға күш жинау әрі спорт ретінде қазақ даласында дамыған. Сол себепті бұл көріністі де назардан тыс қалдыруға болмайды.

(01 сағ. 01 мин. 41) Киіз үйдің ішкі көрінісі. Керегедегі түлкінің терісі, қазақша өрнектермен өрнектелген қоржын, дөңгелек жер үстел сияқты бұйымдарды көруге болады. Осы көрініс арқылы киіз үйдің ішкі жабдықталуын таныстыруға болады.

(01 02 13) Дастарқан басында қымыз сапырған Қожа. Қымыз – халқымыздың ұлттық сусыны. Көп елдерге танылып та қалған. Осы сусынды

бабына келтіріп, ішудің өзінің технологиясы бар екенін (яғни оны кең ыдысқа құю, ұзын сапты ағаш ожаумен сапыру) осы көріністен аңғаруға болады.

(01.03.24) Жайлауда жайылып жүрген қойлардың көрінісі. Мал шаруашылығы да халқымыз үшін өте маңызды. Төрт түлік малға, соның ішінде қойға қатысты тілімізде тұрақты сөз тіркестері, сөздер көптеп кездеседі. Мысалы, талданып отырған «Менің атым Қожа» фильмінде «Қой аузынан шөп алмас» тұрақты сөз тіркесін Қожа қолданады. Бұл фрагмент осы сөз тіркесінің «өте момын» мағынасы бар екенін түсіндіру үшін пайдалы болатыны анық.

(01.03.50) Жұмағұлдың (актер Ахат Толыбаев) қолындағы құрық. Құрық – жылқышылардың қолданатын құралы. Алайда оның қандай болатынын тек сөз арқылы түсіндіріп жеткізуге қарағанда көрсету арқылы таныстырғанның пайдасы көбірек. Фильмнің осы фрагменті арқылы құрықтың қандай болатынын, оны кім қолданатынын түсіндірген тиімді болар еді.

(01.07.05) Ер адамның домбыра аспабын басқа адамға беруі. Жайлауда өтіп жатқан той көрінісінде көрермен болып отырған ер адамның қолындағы домбыраны көруге болады. Домбыра – қазақ халқының ұлттық аспабы. Жиын-тойдың бірі де домбырасыз өтпейтінін, оның қандай аспап екенін түсіндіруде аталған фрагмент пайдалы болмақ.

(01.05.43) Алтыбақандағы ұлттық киім киген екі бойжеткен. Қыздар басына үкі тағылған тақия, үстіне камзол, қос етек көйлек киген. Бұл көрініс қазақ халқының бойжеткен қыздарының киім үлгісін аңғартады, олардың атауларын үйренуде маңызы бар.

Географиялық жағдайдың көріністері:

(10.40 мин., 27.52 мин., 34.10 мин.) Таулардың, ағаштар мен ауылдың көрінісі. Аталған көрініс еліміздің географиялық жағдайы жайлы түсінік қалыптастыруда қажет. Әр тілді үйрену барысында оның мәдениеті, салт-дәстүрі, ұлттық құндылықтарымен қатар географиялық жағдайы жайында білім алу да маңызды.

(01 сағ. 37 мин) Сұлтан мен Қожаның жайлауға баруы. Сұлу тау бөктері, көк майса шөп, тамаша табиғат көрінісі елдің әсемдігін, жерінің байтақтығын дәріптейді. Табиғат көріністері тілді үйренушілердің елге деген қызығушылығын, тілді үйренуге деген мотивациясын арттырады.

Дыбыстық эффектілер:

Жоғарыда фильмде қолданылған дыбыстық эффектілер де тілді, мәдениетті тереңірек түсінуге әсер ететіні жайлы айтқанбыз. Әнді де осы дыбыстық эффекттердің бірі ретінде қарастыруға болады.

(01 03 02) Қазақтың әні шырқалады. Әннің атауы: Саржайлау (сөзі – Мұқағали Мақатаевтікі, әнін жазған – Нұрғиса Тілендиев). Әр ұлттың өзіне тән музыка, ән өнері қалыптасқан. Әннің айтылуы, ырғағы, музыкасының

халық туралы пікір қалыптастыруда әсері зор. «Саржайлау» әні – туған жерге, туған жердің табиғатына деген махаббаттың көрінісі ретінде қабылданатын ән. Тіл үйренушілермен осы әнді талдау арқылы да көптеген сөздердің мағынасы мен дұрыс қолданысын меңгертуге болады.

Ұлттық ойындар көрінісі:

(01.04.24) Бәйгенің көрінісі

(01.05.29) Алтыбақандағы жастардың көрінісі

(01.06.38) Қазақша күрес

(01.07.25) Балалар күресі

Фильмде халқымыздың ұлттық ойындарының біраз көрінісі берілген. Соның бірі – бәйге. *Бәйге – қазақтың ұлттық спорт ойыны, шабандоздардың ат жарысы. Ірі жиындар, тойлар бәйгесіз өтпеген. Бәйгенің қалыптасуын кезінде халқымыздың көшпелі өмір салтымен байланыстырады. Жылқыларды алыс жолға, көшке дайындау және олардың мықтылығын тексеру, тұқымын асылдандыру мақсатында ұйымдастырылған. Кейіннен ұлттық спорт түріне ұласты. Осы мәліметті таныстыруда шынайы өмірде бәйгенің қалай өтетінін визуализациялау, сол жағдаятты өз көзімен көру тіл үйренушілердің түсінігін, мәдени құзыреттілігін қалыптастыруда тиімді болады деген ойдамыз.*

Алтыбақан – қазақтың ежелгі ұлттық ойыны. Ойын көпшілікке арналған. Жастарды әріптес таңдауға, ептілікке, тапқырлыққа, өнерлікке бейімдейді [12]. Фильмдегі көріністе алтыбақанда тербетілген жастарды көруге болады. Бұдан «Алтыбақан» ойынының жастарға арналғандығы аңғарылады. Фрагментті көрсете отырып, бұл ойынның тәрбиелік мәнін және адамдар арасындағы қарым-қатынасты орнатудағы маңызын түсіндіруге болады.

Қазақша күрес те ұлттық спорт түрлерінің қатарына жатады. Күрес те жиын-тойлардың сәнін келтіріп, күш сынасқан палуандардың ептілігіне, шымырлығына және әдіс-тәсілдерді қолдана білу шеберлігіне тәнті етіп, халықтың көңілін көтеретін. Қазіргі кезде күрес тойларда ұйымдастырылмағанымен, көп жастардың қызығатын спорт түрі ретінде танымал. Фильмде ересектер арасындағы күрестен жекпе-жекті, одан кейін балалар арасындағы сайысты көрсеткен. Қазақ халқы балаларын жас кезінен мықты, шыныққан, көшпелі өмірге және жаугершілік заманда елін қорғай алуға баулып, тәрбиелегенін осы көрініс жақсы ашады.

Қорытынды

Қазақ тілін оқытуда мультимедиялық корпустың мәдени құзыреттілікті дамытуға ықпалын зерттеу нәтижесінде бірқатар түйінді тұжырымдар жасауға болады.

Мәдени құзыреттілік тіл үйренудің құрамдас бөлігі болып, әртүрлі мәдениет өкілдерінің өзара байланысы кезінде маңызды рөл атқарады. Жаһандану үдерісін ескере отырып, тіл үйренушіге мәдени нормалар мен құндылықтардың әртүрлілігін түсіндіру және құрметтеу қабілетін қалыптастыру өте маңызды екендігі зерттеушілердің ой-тұжырымдарынан анық байқалады. Осы орайда фильмге негізделген мультимедиалық корпусты пайдалану мәдени құзыреттілікті дамытудың тиімді әдісі болып табылады. Бұл білім сапасын арттырып, білім алушының оқу жетістігін жақсартуға көмектеседі.

Мультимедиалық контентті, әсіресе фильмдерді педагогикалық құрал ретінде пайдалану үйренетін тілдің елінің мәдениетін жақсырақ түсінуге ғана емес, сонымен бірге материалдарды белсенді қолданып, өз бетімен жұмыс жасауға және сол арқылы мәдени білімін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Зерттеуде мультимедиалық корпустағы киноматериалдарды пайдалану мәдени құзыреттілікті дамытуға ықпал етеді деген болжам расталды деген ойдамыз. Зерттеу материалы ретінде қазақ тіліндегі «Менің атым Қожа» (1963) балалар фильмін ала отырып, оқушылардың мәдени құзыреттілігін дамытуға ықпал ететін көріністердің, құндылықтар мен ұлттық реалиялардың негізгі фрагменттері толықтай анықталды. Қорыта келе, қазақ тілін оқытуда мультимедиалық корпусты пайдалану тіл үйренушілердің мәдени құзыреттілігін дамытуға оң әсерін тигізіп, қазіргі тіл біліміндегі әлі де зерттеуді қажет ететін, келешегі бар бағыт бола алады деп түйіндейміз.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Abdulrahman, M. D., Faruk, N., Oloyede, A. A., Surajudeen-Bakinde, N. T., Olawoyin, L. A., Mejabi, O. V., Azeez, A. L.** Multimedia tools in the teaching and learning processes: a systematic review [Text] // Heliyon. – 2020. – № 11(6). – P. 1–14. <https://doi.org/10.1016/j.heliyon.2020.e05312>

2 **Untari, R., Kamdi, W., Dardiri, A., Hadi, S., & Nurhadi, D.** The development and application of interactive multimedia in project-based learning to enhance students' achievement for 2d animation making [Text] // International Journal of Emerging Technologies in Learning. – 2020. – № 16(15). – P. 17–30. <https://doi.org/10.3991/ijet.v15i16.16521>

3 **Ulya, M., Rezaian, M. A.** The representation of multicultural education in film «Raya and the last dragon» [Text] // Proceedings Series on Physical & Formal Sciences 3. – 2022. – P. 59–62. <https://doi.org/10.30595/pspfs.v3i.265>

4 **Nykyforenko, I.** Multimedia in mastering foreign discourse competence [Text] // Zapiski z romano-germans'koï filologii. – 2021. – № 2(47). – P. 155–163. [doi: 10.18524/2307-4604.2021.2\(47\).245953](https://doi.org/10.18524/2307-4604.2021.2(47).245953)

5 **Sukhee, Nam.** The Education and Development of Foreign Culture by Digital Multimedia Contents [Text] // Journal of Digital Convergence. – 2012. – № 1(10). – P. 59–66. [doi: 10.14400/JDPM.2012.10.1.059](https://doi.org/10.14400/JDPM.2012.10.1.059)

6 **Каримова, Г. А.** Роль межкультурной компетенции при обучении иностранным языкам [Текст] // Современная наука: проблемы и перспективы развития. Материалы всероссийской заочной научно-практической конференции. – Уфа : ИРО РБ. – 2020. – стр. 118–120.

7 **Апальков, В. Г., Сысоев, П. В.** Компонентный состав межкультурной компетенции [Текст] // Вестник ТГУ. – 2008. – № 8. – стр. 89–93.

8 **Winer, D., Leibovitch, A., Rappoport, A.** A specialized corpus for film understanding [Text] // Proceedings of the AAAI Conference on Artificial Intelligence and Interactive Digital Entertainment. – 2017. – №. 2(13). – P. 266–272.

9 **Venegas, E. M., Scott, L. M., LeCompte, K., Moody-Ramirez, M., Zhu, T.** Engaging in «dangerous discussions» : fostering cultural competence through the analysis of depictions of college life in popular films [Text] // Journal of Diversity in Higher Education. – 2021. – № 1(14). – P. 37–49. <https://doi.org/10.1037/dhe0000152>

10 **Жұматаева, З. Н., Жұматаева, С. Н.** Тілдік және мәдениетаралық қатынас құзыреттерін қалыптастыруда фильмдерді тиімді қолдану әдістемесі [Мәтін] // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2021. – № 3(121). – 129–146 б. <https://doi.org/10.47526/habarshy.v3i121.740>

11 **Shuangling, Li.** Using corpora to develop learners' collocational competence [Text] // Language Learning & Technology. – 2017. – Vol. 21 – Issue 3. – P. 153–171.

12 **Қазақ халқының ұлттық ойындары : «Алтыбақан»** [Электронды ресурс] <https://martebe.kz/khazakh-halkhynyn-ulttykh-ojyndary-altybakhan/>

References

1 **Abdulrahman, M. D., Faruk, N., Oloyede, A. A., Surajudeen-Bakinde, N. T., Olawoyin, L. A., Mejabi, O. V., Azeez, A. L.** Multimedia tools in the teaching and learning processes: a systematic review [Text] // Heliyon. – 2020. № 11(6). – P. 1–14. <https://doi.org/10.1016/j.heliyon.2020.e05312>

2 **Untari, R., Kamdi, W., Dardiri, A., Hadi, S., & Nurhadi, D.** The development and application of interactive multimedia in project-based learning to enhance students' achievement for 2d animation making [Text] // International Journal of Emerging Technologies in Learning. – 2020. – Vol. 15. – № 16. – P. 17–30. <https://doi.org/10.3991/ijet.v15i16.16521>

3 **Ulya, M., Rezaian, M. A.** The representation of multicultural education in film «Raya and the last dragon» [Text] // Proceedings Series on Physical & Formal Sciences 3. – 2022. – p. 59–62. <https://doi.org/10.30595/pspfs.v3i.265>

4 **Nykyforenko, I.** Multimedia in mastering foreign discourse competence [Text] // Zapiski z romano-germans'koï filologii. – 2021. – № 2(47). – P. 155–163. [doi: 10.18524/2307-4604.2021.2\(47\).245953](https://doi.org/10.18524/2307-4604.2021.2(47).245953)

5 **Sukhee, Nam.** The Education and Development of Foreign Culture by Digital Multimedia Contents [Text] // Journal of Digital Convergence. – 2012. – № 1(10). – P. 59–66. doi: 10.14400/JDPM.2012.10.1.059

6 **Karimova, G. A.** Rol' mezhkul'turnoj kompetencii pri obuchenii inostrannym yazykam [The role of intercultural competence in teaching foreign languages] [Text] // Sovremennaya nauka: problemy i perspektivy razvitiya. Materialy vs Rossijskoj zaochnoj nauchno-praktičeskoj konferencii. – Ufa : IRO RB. – 2020. – str. 118–120.

7 **Apal'kov, V. G., Sysoev, P. V.** Komponentnyj sostav mezhkul'turnoj kompetencii [Components of intercultural competence] [Text] // Vestnik TGU. – 2008. – № 8. – str. 89–93.

8 **Winer, D., Leibovitch, A., Rappoport A.** A specialized corpus for film understanding [Text] // Proceedings of the AAAI Conference on Artificial Intelligence and Interactive Digital Entertainment. – 2017. – №. 2(13). – P. 266–272.

9 **Venegas, E. M., Scott, L. M., LeCompte, K., Moody-Ramirez, M., Zhu, T.** Engaging in «dangerous discussions» : fostering cultural competence through the analysis of depictions of college life in popular films [Text] // Journal of Diversity in Higher Education. – 2021. – № 1(14). – P. 37–49. <https://doi.org/10.1037/dhe0000152>

10 **Jūmataeva, Z. N., Jūmataeva, S. N.** Tildik jāne mādenietaralyq qatynas qūzyretterin qalyptastyroda filmderdī tiimdi qoldanu ādistemesi [Methodology of effective use of films in the formation of linguistic and intercultural communication competences] [Mātin] // Īsai universitetiniñ habaršysy. – 2021. – № 3(121). – 129–146 p. <https://doi.org/10.47526/habarshy.v3i121.740>

11 **Shuangling, Li.** Using corpora to develop learners' collocational competence [Text] // Language Learning & Technology. – 2017. – Vol. 21. – Issue 3. – P. 153–171.

12 **Qazaq halqynyñ ūlttyq ойындары : «Altybaqan»** [National games of the Kazakh people : «Altybaqan»] [Elektrondy resurs] <https://martebe.kz/khazakh-halkhynyn-ulttykh-ойындары-altybakhan/>

03.01.24 ж. баспаға түсті.

18.03.24 ж. түзетулерімен түсті.

26.08.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

**Г. О. Сакиева¹, Л. Ә. Ибраймова², Б. Молдағали³*^{1,2}Казахский национальный женский

педагогический университет,

Республика Казахстан, г. Алматы;

³Казахский национальный педагогический

университет имени Абая,

Республика Казахстан, г. Алматы.

Поступило в редакцию 03.01.24.

Поступило с исправлениями 18.03.24.

Принято в печать 26.08.24.

ВЛИЯНИЕ МУЛЬТИМЕДИЙНОГО КОРПУСА НА РАЗВИТИЕ КУЛЬТУРНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ В ОБУЧЕНИИ КАЗАХСКОМУ ЯЗЫКУ

В предлагаемой статье рассматриваются актуальные проблемы развития культурной компетенции в обучении казахскому языку с использованием мультимедийного корпуса. В условиях глобализации требованием времени является овладение учащимися не только лингвистическими знаниями, но и культурными навыками. По этой причине в статье исследуется роль мультимедийного корпуса, точнее корпуса кинофильмов для детей, в данном процессе.

«Культурная компетентность» определяется как способность личности эффективно общаться с представителями разных культур. Выявлено, что повышение «культурного опыта» с помощью мультимедийного корпуса, основанного на фильмах, способствует развитию «культурной компетенции».

В статье эффективность мультимедийных средств в обучении, особенно их положительное влияние на успеваемость учащихся и понимание материала, аргументирована соответствующими трудами. Фильмы определены как эффективное педагогическое средство воспитания обучающихся, адаптированных к мультимедийной среде. Был сделан вывод, что использование аудиовизуальных материалов, в том числе фильмов, трансформирует традиционные уроки и развивает культурную компетенцию.

В процессе исследования авторы статьи проводят анализ использования мультимедийного корпуса на примере детского фильма «Меня зовут Кожас»

(1963). При анализе были выявлены основные ценности и национальные реалии, призванные повысить культурную компетенцию обучающихся.

Ключевые слова: культурная компетенция, мультимедиа, мультимедийный корпус, культурный опыт, фильм.

*G. O. Sakieva¹, L. A. Ibraimova², B. Moldagali³

^{1,2}Kazakh National Women's Pedagogical University,
Republic of Kazakhstan, Almaty;

³Abai Kazakh National Pedagogical University,
Republic of Kazakhstan, Almaty.

Received 03.01.24.

Received in revised form 18.03.24.

Accepted for publication 26.08.24.

THE INFLUENCE OF A MULTIMEDIA CORPUS ON THE DEVELOPMENT OF CULTURAL COMPETENCE IN TEACHING THE KAZAKH LANGUAGE

This article discusses current problems of developing cultural competence in teaching the Kazakh language using a multimedia corpus. In the context of globalization, the need of the hour for students is to master not only linguistic knowledge, but also cultural skills. For this reason, the article examines the role of the multimedia corpus, more precisely the corpus of films for children, in this process.

«Cultural competence» is defined as an individual's ability to communicate effectively with representatives of different cultures. Enhancing «cultural experience» through a film-based multimedia corpus was found to promote the development of «cultural competence».

In the article, the effectiveness of multimedia in teaching, especially their positive impact on student performance and understanding of the material, is argued by relevant works. Films have been identified as an effective pedagogical means of educating students adapted to a multimedia environment. It was concluded that the use of authentic materials, including films, transforms traditional lessons and develops cultural competence.

In the process of research, the authors of the article analyze the use of a multimedia corpus using the example of the children's film «My Name is Kozha» (1963). The analysis identified core values and national realities designed to improve the cultural competence of students.

Keywords: cultural competence, multimedia, multimedia corpus, cultural experience, film.

Теруге 26.08.2024 ж. жіберілді. Басуға 26.09.2024 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

4,12 МБ RAM

Шартты баспа табағы 30,39. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова, М. М. Нугманова

Тапсырыс № 4273

Сдано в набор 26.08.2024 г. Подписано в печать 26.09.2024 г.

Электронное издание

4,12 МБ RAM

Усл. печ. л. 30,39. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова, М. М. Нугманова

Заказ № 4273

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz